

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

- 6 Ержанов Б. Тұр, қазақ! – Қазан: 1914. – 52 б.
7 Нысанбаев Ә. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 бет.
8 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
9 Скалозубов Н. Казахский поэт Ахмет Байтұрсынов в тюрьме // Речь. 1910. 21 февраль.
10 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1997. – 120 б.
11 Майтанов Б. Сөз сыры. – Алматы: ҚазҰУ, 1997. – 128 б.
12 Қабышұлы Ғ. Мағжанның ақындығы. // Қазақ әдебиеті. - 2003. - № 4 (109).

ӘОЖ 82.0

ТӘТІҚАРА АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Жалелов Д.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші: профессор, филол.ғ.д. Әлтай А.Д.*

*E-mail: *akzhol777@mail.ru, ¹daulet.zhalelov1994@mail.ru*

Аннотация. В статье всесторонне анализируются особенности творчества поэта Татикары и его мастерство использовании слов. Также описаны сходства и различия между толгау и стихом. Производится систематический и точный анализ тематики в поэзии поэта Татикары. Проведен анализ творчества поэта Татикара, жившего в период правления Абылай-хана, в связи с событиями того периода. При исследовании темы использовались методы литературоведческого анализа, сравнения, обобщения.

Ключевые слова: Татикара, поэт, жырау, стих, толгау, Ханская эпоха

Abstract. The article comprehensively analyzes the features of the work of the poet Tatikara and his mastery of the use of words. Similarities and differences between tolgau and poem are also described. A systematic and accurate analysis of the themes in the poetry of the poet Tatikara is carried out. An analysis was made of the work of the poet Tatikara, who lived during the reign of Abylai Khan, in connection with the events of that period. In the study of the topic, the methods of literary analysis, comparison, and generalization were used.

Key words: Tatikara, poet, zhyrau, poem, tolgau, Khanate era.

XIII ғасыр – хандық дәуірде халықтың тіршілігі мен тағдыры сынға түскен кезең деп атауымызға болады. Дегенмен, ұлттың бай мұрасы толығып, жанданған уақыт кезеңі. Осы кезең жыраулар мен ақындардың шығармашылығына да үлкен әсер етті. Шығармашылықтарындағы ішкі мазмұндық пен сыртқы формаларында да ерекшеліктер байқалды. Хандық дәуірдің бастапқы кезеңдеріндегі жыраулар сияқты асқақ пафосқа емес, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер де шығармашылыққа ене бастады. Толғаудағы өлшемнен қарағанда қара өлең формасына жақын туындылар саны көбейді. Осы ерекшеліктер Тәтіқара ақынның поэзиясынан анық, айқын көрінді. Тәтіқараның ел ішінде «жырау» емес ақын ретінде танылуы да жоғарыдағы өзгерістерге сәйкес келеді. Жырау – өз айтар ойын «толғау» арқылы жеткізсе, ақын күллі ішкі сезімін «өлеңге» сыйдырды. Жыраулар поэзиясы – төл әдебиетіміздің тамыры, болашағымызға темірқазық іспетті. Жыраулық поэзия – көркем шығарманың шыңы. Құрғақ сөз емес тұнып тұрған ұлттың мұны мен зарын хан мен төреге жеткізу. Жыраулар қазақ өнерін биік деңгейге көтерді. Ұлт әдебиетінің қазынасы синкретті өнер саналатын жыраулар поэзиясы – қазақ тарихының алтын бастауы. Сыршыл поэзияны өз зерттеулерінде қарастырған ғалым, А. Байтұрсынұлы өлеңнің бастапқы өзегін толғаумен байланыстырады. «Толғау – сөз өнерінің барып тұрған жері», яғни сөз өнерінің биік бөлігі деп өз бағасын берді [1. 70]. Толғауда ақынның жаны, көңілі мен сол кездегі күйі толықтай көрсетіледі. Ал ақындардың шығармашылығы берілетін «өлең» өлшемі мүлдем бөлек. Ғалым З. Ахметов зерттеуінде өлеңнің құрылысына тоқталады. Өмірді өлең, көркемдік бағытында қабылдап, эстетикалық яғни сезімге әсер ететіндігін база назарда айтады. Өлең

тілінің негізгі құндылығы сөз өнері екендігін айтады [2. 9]. Өлең – бейнелеп айтудың басты құралы. Өлеңде жасанды бейнелеу мен жасандылық бірден көрініп тұрады. Шынайы суреттеу мен көркемдеу, тұрақтылық пен дәлдік көркем өлең тудыруда басты орында тұруы тиіс.

Поэзия – көркемдікке және әсемдікке құрылған туынды. Ол жүрек қалаған ойды айтуға, соны жеткізуге әу бастан дағдыланған. Ақынның жүрегін тебіреніп-толғантқан ой, сұлулығы мен сөз мәнері үйлескен көркем өлеңге айналып қоя береді. Сондықтан поэзияның әр үтірі мен нүктесі, ұйқасы мен буыны, тармағы мен шумағы тұтас бір өлең образына қызмет жасайды. Поэзия құрылысының жүйеленуі, дамуы, одан ілгері шындалып қарыштауы, ұлғайып кемелденуі сияқты түйінді жүктемелер поэзияның ырғақтық жолын байыпты мақсатта зердесіне жеткенде ғана нақты жауап таба алады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы өлең өрнектерін көркемдік тұрғысынан талдаумен қатар жазба әдебиеттегі яғни бүгінгі дәуір туғызған поэзияның өрісіне бойлау бүгінгі біздің міндетіміз. Қазақ поэзиясына тән шындықты яғни өмір шындығын кестелі айқын нақты образ тұрғысында суретті бейне арқылы ашып көрсету бүгінгі заманның талабы. Сол талаптың бүгінгі поэзияға да айтарлықтай үлесі бар. Атап айтқанда, өлеңнің ішкі формасын айтар ойды, күрделі ой көріністерін жете түрде сипаттауға мүмкіндік ғана беріп қоймай жол ашады. Сол тұрғыдан алып қарағанның өзінде поэзия, қандай да болмасын құбылыстың мәні ашып, зердеге дейін жеткізетіні, мінезін мен жүректегі сырынды жанамалап болсын көрсететіні шынымен де өлеңнің құдіреті және ақынның шеберлігі. Ғалым З. Ахметов поэзия өнері жайлы: «Поэзия – сөз өнері, суреткерлік шеберліктің бағасы жоқ ерекше үлгісі. Ұлттық поэзияның ең елеулі әлеуметтік, тұрмыстық құбылыстарды суреттеп жүйелей алатын зор мүмкіндігі мен қасиеті бар. Ол – маңайымыздағы яғни жан-жағымыздағы дүниені, өмірді зерделеп-білудің маңызды құралы, біздің қоғамдық сана-түйсігіміздің, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің жоғары, өнімді ізгі жолы. Сондықтан өлеңдегі сөз құдіреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан бастау алып, соған тікелей бағыт-бағдар нұсқайды. Өлең құрылысында сөзді құбылту мен қолдану шеберлігі, көркемдік образдық шеберлік дегеніміз өмір шындығын атап айтқанда құбылыстарын оқып-білу, ұғып-түйсіну қасиетімен қабілетімен, көркем ой-сезім шеберлігімен жалғасып, өлеңдегі образбен қабысып бір жүйеде жатады» [2. 7]. Поэзия өнері – эстетикалық сезімдердің ұшқынын тұтатып, тікелей рухани болмысыңның жасын ұлғайтып, көкірек көзіңнің оянуына үлесін қосатын өткір сала. Сонымен Абай айтқандай әркімнің өлеңге қызығушылы, таласы бар. Өлеңмен оянып, өлең көзқараспен өмірді көріп ләззат алып жүрген, қазіргі кезең ақындардың поэзиясындағы азаттық тақырыбы бүгінгі біздің айтар сөздің тірегі.

Жоғарыда айтқанымыздай, осы өлеңдегі негізгі өлшем бірліктер Тәтіқара ақынның шығармашылығынан ұшырасады. Тәтіқара жыраудың шығармашылығы да сол заманның көрінісінен хабар береді. Үш жүздің басын қосып біріктірген хан Абылай тұсында өмір сүрген Алаштың айбынды жырауы батыр Тәтіқара туындыларының да басты тақырыбы елдік пен азаттыққа, рух пен шынайылыққа құрылған. Заманында Абылай ханның жорық жыршысына айналған дала қаһарманы жайлы тарих беттері мен аңыз-әңгімелер де кеңінен сөйлейді. Бәрімізге белгілі зерттеушілер зерделеп, сол кезеңде осындай оқиға болыпты-мыс деп суреттелетін жыраудың «Қамыстың басы майда, түбі сайда» атты жыры да өткел бермес өзеннен батырларды рухтандырып жырлаған туындысы да Абылай ханның жырауды жігерлендіруімен үзеңгілесіп жатыр.

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы – болат найза!
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда [3. 68].

Бізге жеткен үш шумаққа сыйған жырдағы ой орамдары батырлардың аттарын атап, намыстарын оятып, елдік пен ерлікке бағыттайды. Абылай ханның ақылшы әрі жол бастайтын, рухтандыратын бағдары бола білген Тәтіқара жыраудың толғауларындағы ой жүйріктігі, сөз қолданыстары жұп-жұмыр сақталып, өрілген. Жыраулардың орамды сөз

өрнектері халық поэзиясының тілімен үндесіп, ұлттың тарихы бітім-болмысымен сабақтасып жатыр.

Тәтіқараның ханды да, батырларды да рухтандырып айтқан толғауынан сол жердегі бектер мен батырлар тұлпарларының басын тартпай, судан қарғып өтіп кеткені жайлы баяндалатын оқиғада суырыпсалма өнердің биік шыңы іспетті.

Бөкейді айт сағыр менен дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт қыпшақтағы!
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт уақтағы!
Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік ерлікті айтсаң, Бөгембайды айт!
Найзасының ұшына жау мінгізген-
Еменәлі керейде ер Жабайды айт! [4. 173].

Қарап отырғанымыздай, батырларды сол уақытта рухтандырып, жігерлендіру арқылы намысын қайрап, тап келген қиындықтан яғни тығырықтан шығып кетеді. Бұл жерде топтың алдында сөз сөйлеп тура төрелігін айтқан жыраулардың ханның да халықтың да алдындағы беделінің биік болғанынан хабар береді. Жыраулар – өлең құрлысының төкпе дәстүрін жетесіне жеткізіп меңгерген ұлы даланың кемеңгер батагөй тұлғалары. Ұшқыр тілді қару етіп, тқтастай халықтың қамын ойлап, елдің ағасы, хандықтың тұтқасы бола білген. Жырау хандықтың тағдырын шешер тұста ханның жанында кеңесшіге айналса, жаугершілік заманда жорық жыршысы болған. Халықтың жұбанышында демеп, қуанышына мерейленіп, ақыл ойының парасаты арқылы хандықтың кемелді келешегін алдыға бастай білді. Импровизаторлық қасиет жыраулардың өн бойымен тамырласып рухани болмысының бір бөлігіне айналған.

Жоғарыдағы Тәтіқара ақынынның толғауынан байқағанымыз сөз қолданыстарын табиғи құбылстармен байланыстыра өрбітеді. Оның өзі үлкен шеберлік. «Қамыс», «су», «сай» сынды табиғат құбылыстарын сол кезеңдегі оқиғамен байланыстыру да үлкен шеберлікті қажет етеді. Көркем өнердің ішіндегі ұлысы – сөз өнері. Сол сөздің көркемдігі табиғатпен байланысты. Табиғат арқылы ақын заманның көңіл күйін, өмірді және айналасындағы болып жатқан дүниені сезеді, тебіренеді және жырлайды. Табиғат пен адамзаттың үйлесімділігі поэзияда тіпті бөлек көркем суреттеледі. Шынтуайтында нағыз қайталанбас туынды көркемдік тұрғысынан да құрылысы жағынан да сұлу әсем суреттелетін, табиғат тақырыбындағы лирика. Табиғат тақырыбындағы поэзия – терең мағынасымен шалқар көркемділігімен маңызды әрі құнды. Табиғат құбылыстарымен байланысқан поэзия – бейнелі сюжетімен құнды. Табиғат құбылыстарымен байланысқан өлеңдердің тағы бір ерекшелігі қоғамды әрі шынайы табиғатты бүтінгі тіршілікпен байланыстырады. Жалпы алғанда, ақындық шабыт талмай үзіліссіз ізденістен тұрса, сол ізденіске деген махаббатты қаламгер табиғаттан алады.

Тәтіқара ақынның тағы бір «толғау» жанырында жазылған туындысына назар аударсақ. Абылайдың бейнесі мен тұлғалық сипатын ашып көрсетуде автор ерекше сөз қолданыстарын қолданады. М. Мағауиннің деректеріне сүйенсек, толғау 1756 жылы жазылған. «Яғни, Тәтіқара шығармасы 1756 жылы туған. Бұл – ақынның өмір сүрген уақытын дәлірек білуде үлкен мәні бар дерек. Аталмыш жырдың түпнұсқасы біздің заманымызға жекелеген үзінділер түрінде жеткен» [5. 71]. «Тәтіқара – жауынгерлік поэзияның ғана өкілі ғана емес. Өзінің жыраулық тұлғасын ол қаһармандығымен, әрі жорықтық толғауларымен ғана көрсетпейді. Оның жыраулық табиғаты Абылай ханға соғыстың қарбалас шағында ақыл-кеңес айту, оның ерлігін дәріптеу арқылы ғана емес, сонымен қатар бұрынғы үлкен жыраулар тәрізді өз әміршісіне наразылық білдіріп, қарсы сөйлеуі мен ой-пікірін ашық айтуынан да танылады» [6. 229].

Кебеже қарын, кең құрсақ,
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі.

Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты.
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда.
Баяндай ерді көрмессің,
Бұрылып жауды шанышқанда!.. [3. 68].

Толғауды зерделеп қарап отырсақ, қазақ хандығының ел шетіне келген жаумен арадағы ұрыстың болғандығын байқаймыз. Жау қолымен шайқасқа түскен батырларды асыра мақтамай, асқақтық және жорық жыршыларына тән үлгімен жеткізеді. Аманжол Әлтай: «Жау тықсырған кездегі қазақ ерлерінің қимылдарын асыра бағалап, әсірелей жырлай бермейді. Сол сәттегі қазақ жасағаны арасындағы жағдайды да, ерлердің іс-әрекеттерін де шынайы бейнелейді» [7. 137]. Толғауда Абылай ханның бейнесін, тұлғалық қасиетін шынайы, таза, саф қалпында жеткізеді. Хандық алдындағы хан рөлін де айтады. Тағы бір нақтылап айтатын тұсы Тәтіқара ақын Абылайдың бойындағы қорқыныш пен үрейді де соңғы тармақта астарлап жеткізеді. Дегенмен, Баяндай батырлардың асқақтығы мен ерлігін де баян етеді. Бұрынғы жыраулардың сарынымен хан абыройын көтереді. Артық, ерен туған тұлғаға балайды. Хан Абылаймен дәрежесі тең, тарихта қалған Сыпыра бастаған алтын көштің ірі өкілі Тәтіқара ақын шығармашылығында да Абылайдың бейнесі ерекше суреттеледі. Абылай ханның тұлғалық қасиеті жайлы әдебиеттанушы ғалым А. Сейдімбек: «Абылай ханның тұтас өмірінің бағыт-бағдары бір мақсатқа ғана бағытталғанын, ол мақсат қазақ халқының бірлігі мен берекесін, тыныштығын сақтау жолында болғандығын баяндайды» [8. 487].

Қорыта келгенде, Тәтіқара ақын поэзиясында жырауларға тән сарын мен қатар ақындар шығармашылығына сәйкес келетін тұстар жетерлік. Тәтіқара ақынның поэзиясындағы ерекше ойлар мен сөз қолданыстары туындыларының салмағын арттырып тұр. Өткір тіл, шебер сөздерімен кестелі жырларымен ел мақтанышына айналған Тәтіқара ақын шығармашылығынан күйкі күйбең тіршілікпен емес күллі ұлттың сөзін айтқандығын, жеке бастың емес халықтың аса маңызды мәселелерін өлеңге арқау еткендігін шығармашылығына зер салу барысында көңілге түйдік.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 2 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 211 б.
- 3 Жеті ғасыр жырлайды. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
- 4 Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы, т.б шығармалары. – Алматы: НұрлыPress7kz, 2014. – 288 б
- 5 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 154 б
- 6 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 – 344 б.
- 7 Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.): Оқулық. – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
- 8 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. Т. 5. – Астана: Фолиант, 2010. – 880 б.